



# АҚША ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСУЫ.

Қарастыратын негізгі мәселелер:

- ❖ **Ақша жүйесінің ұғымы мен мәні;**
- ❖ **Ақша жүйесінің элементтері;**
- ❖ **Ақша жүйесінің түрлері;**
- ❖ **Дамыан шетелдердегі ақша жүйесі;**
- ❖ **Эмиссия ұғымы және оның түрлері;**
- ❖ **Қазақстанда ақша жүйесін құру.**

# АҚША ЖҮЙЕСІНІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.

Ақша жүйесі – қандай да бір елде ақша айналымын ұйымдастырудың тарихи қалыптасып, заңмен бекітілген формасы. Әлемдік өркениеттегі ақша жүйесінің жекекленген элементтері ежелден белгілі әрі олар құнның ақшалай формасы – ақшаның пайда болуымен байланысты. Ұлттық ақша жүйесі XV – XVII ғасырлардан қалыптаса бастады.

Ақша жүйесі өз экономикасында ақша – тауар қатынасының даму деңгейіне тікелей тәуелді болғандықтан көптеген өзгерістерге ұшырады. Ақша жүйесі мынандай элементтерді қамтиды:

- Ақша жүйесін ұйымдастырудың принципі;
- Ақша бірліктерінің атауы;
- Ақша бірліктерінің түрлері, оларды шығарудың тәртібі және қамтамасыз ету сипаты;
- Ақша айналымын ақша – несие тұрғысынан реттеудің тетігі;
- Ұлттық валюта бағамы, оны шетелдік валютаға айырбастаудың тәртібі.

# АҚША ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЫНАЛАР:

- Ақша жүйесінің орталықтандырылған басқару принципі;
- Тиісті болжауларды жасау негізінде ақша айналымын жоспарлау принципі;
- Ақша айналымының тұрақтылығы және икемділік принциптері;
- Ақша эмиссиясының несиелік сипатының принципі;
- Эмиссияланған ақшаның қамтамасыз етілу принципі;
- Орталық банк тәуелсіздігінің принципі.

# АҚША БІРЛІКТЕРІНІҢ АТАУЫ.

Ақша бірлігі – барлық тауар бағаларын өлшеуге және тұлғалауға қызмет ететін, заңмен бекітілген ақша белгісі. Орталық банк монополиялық тұрғыдан эмиссиялайтын барлық ақша белгілері заңды төлем құралы болып табылады, бұл Қазақстан аумағында бұрыштарды өтеуге заң бойынша міндетті түрде қабылданатын ақша белгілері.

## **Аша белгілерінің түрлері, оларды шығарудың тәртібі және қамтамасыз ету сипаты.**

Барлық төлем түрлеріне олардың көрсетілу құны бойынша міндетті түрде қабылданатын, банкнот пен тиыннан тұратын айналымдағы мемлекеттің ақша белгілері. Ақша белгілерін шығаруды олардың айналымын ұйымдастыруды және айналымнан алуды Орталық банк қолма – қол ақшасыз балама алу арқылы банкнот пен монетаны сату түрінде тек бір өзі ғана жүзеге асырады.

Ақша – несие саясатының негізгі құралдарына мыналар жатады:

- ҚР Ұлттық банктің банктерге несиесі бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің деңгейлері;
- Ұлттық банкте депозиттелген ең аз шамадағы міндетті резервтердің нормативі;
- Мемлекеттік құнды қағаздарды сату және сатып алу бойынша ашық нарықтағы операциялары;
- Банктерге несиелер;
- Валюта нарығындағы интервенция;
- Ресми есептік мөлшерлеме.



## **Ұлттық валюта бағамы, оны шетелдік валютаға айырбастаудың тәртібі.**

Валюта бағамы – бұл басқа елдің ақша бірлігінде бейнеленген бір елдің ақша бірлігінің бағасы.

Валюталарды шетелдік валютаға айырбастаудың тәртібі “Валюталық реттеу туралы” ҚР заңында бекітілген.

АҚША ЖҮЙЕСІНІҢ  
ТҮРЛЕРІ.

МЕТАЛДЫҚ АЙНАЛЫМҒА  
АҚША ЖҮЙЕСІНІҢ  
БИМЕТАЛЛИЗМ ЖӘНЕ  
МОНОМЕТАЛЛИЗМ ДЕП  
АТАЛАТЫН ЕКІ ТҮРЛЕРІ  
ТӘН.

# *БИМЕТАЛЛИЗМ.*

БИМЕТАЛЛИЗМ – баламаның жалпыға бірдей құнының рөлі айналымда болатын екіметалл – алтын мен күміске заңмен бекітілген ақша жүйесі. Биметталлизм ХҮІ-ХҮІІ ғасырда кеңінен тараған, ал Батыс Еуропа елдерінде ХІХ ғасырда пайда болды.

## Биметаллизмнің үш түрі болған:

☀ Қосарлы валюталар жүйесі – алтын мен күміс монеталардың арасындағы арақатынас металдың нарықтық құнына сәйкес нарықта берекетсіздік (стихиялы) түрде белгілінеді;

☀ Егер мұндай арақатынасты мемлекет анықтайтын болса, онда ол – екі жақты валюта жүйесі;

☀ “Ақсақ” валюта жүйесі. Онда алтын мен күміс бірдей негізде заңды төлем құралдары болып табылады.

**Монометаллизм** - жалпыға бірдей эквивалент ретінде бір ғана металл түрі (алтын, күміс, т.б.) қолданылатын ақша жүйесі.

Осылай, б.э. дейін III-II ғ. Римде мыс монометаллизмі, Ресейде 1843-1852 жж. аралығында - күміс монометаллизмі болды. Ресейде, олай болса Қазақстан да, алтын монеталлизмі 1897 ж. II Николай патша тұсында енгізілді.

Түрікше "акче" сөзі, қазақша "ақша", яғни "ақ" сөзінен күміс монетаның түсіне қарап шыққан.

Капиталистік тауарлы өндірістің дамуы барысында қағаз ақшалар пайда бола бастады.